

Аитова Ж.Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ ЖҰМБАҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Қазақ әдебиеті тарихында қаламгердің шығармаларының тақырыптық, мазмұндық, идеялық және әдеби-көркемдік қырларын саралап, әдеби-ғылыми айналымға енгізу әдебиеттану ғылымында ешқашан өзектілігін жоймайтын мәселелердің қатарынан табылады. Сол себепті де, Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілі, әдебиет тарихында өміршең өлеңдерімен, арнау-айтыстары және қисса-дастандарымен орны алатын Әсет Найманбайұлының жұмбақ өлеңдерін зерделеу қазақ поэзиясының жанрлық қырларын аша түседі.

Ғылыми мақалада XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы тоғыспалы кезеңде өмір сүрген ақын Әсет Найманбайұлының жұмбақ өлеңдері сараланып, зерттеледі. Ақын туындыларының текстологиялық мәселелері, поэтикалық өрнегі, халықтық сипаты мен танымдық-тәрбиелік рөлі айқындалып, сараланады. Мақалада Әсет ақынның көне де, жаңа тұрпаттағы жанр арқылы ақын ел өмірінде орын алып жатқан саяси-әлеуметтік мәселелерді барша қырынан ашып танытуда үлкен поэтикалық қызметі өзі тұстас басқа да ақын туындыларымен салыстырыла талданады.

Тірек сөздер: ақындық дәстүр, ақындық мектеп, дидактика, поэтикалық өрнек, жұмбақ өлеңдер, арнау, риторика.

Аитова Ж.Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЗАГАДОЧНЫХ СТИХОВ АСЕТА НАЙМАНБАЙУЛЫ

Аннотация. В истории казахской литературы анализ произведений писателя с точки зрения их тематических, содержательных, идейных и литературно-художественных аспектов, а также введение их в литературно-научный оборот остаётся актуальной задачей литературоведения. Поэтому изучение загадочных стихов Асета Найманбайулы, яркого представителя поэтической школы Абая, который занимает важное место в литературной истории благодаря своим живым стихам, посвящениям, поэтическим айтысам и эпическим дастанам, позволяет глубже раскрыть жанровые особенности казахской поэзии.

В данной научной статье исследуются и анализируются загадочные стихи поэта Асета Найманбайулы, жившего в переходный период между XIX и началом XX веков. Рассматриваются текстологические вопросы его произведений, их поэтические особенности, народные черты, а также познавательная-воспитательная роль. В статье также проводится сравнительный анализ творчества Асета с произведениями его современников, подчёркивая, как он использовал как традиционные, так и новые поэтические жанры для всестороннего освещения и раскрытия социально-политических проблем своего времени.

Ключевые слова: поэтическая традиция, поэтическая школа, дидактика, поэтическое выражение, загадочные стихи, посвящение, риторика.

Aitova Zh.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: Aitova_1@mail.ru

THE THEMATIC CHARACTERISTICS OF ASET NAIMANBAYULY'S RIDDLING POEMS

Abstract. In the history of Kazakh literature, analyzing a writer's works in terms of their thematic, content-based, ideological, and literary-aesthetic aspects and introducing them into literary and scholarly discourse remains an ever-

relevant issue in literary studies. Therefore, the study of the riddling poems of Aset Naimanbayuly, a prominent representative of Abai's poetic school, who holds a significant place in literary history with his enduring poems, dedications, poetic debates, and epic narratives, helps to further reveal the genre-specific aspects of Kazakh poetry.

This scholarly article examines and analyzes the riddling poems of poet Aset Naimanbayuly, who lived during the transitional period between the 19th and early 20th centuries. The textological issues of the poet's works, their poetic patterns, folk characteristics, and cognitive-educational role are identified and assessed. The article also compares Aset's poetic contributions to those of his contemporaries, highlighting how he used both traditional and new poetic genres to comprehensively address and depict the socio-political issues of his time.

Keywords: poetic tradition, poetic school, didactics, poetic expression, mysterious poems, dedication, rhetoric

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде қарыштап дамыған азаматтық лирика саласына Әсет ақын да бойлап барды. Патшаның отаршылдық саясаты қазақтың бір жерге ұйысып егін шаруашылығымен айналысуына мүмкіндік бермей, диханшылыққа қолайлы жерлерді ұлтымыздан тартып алды да, жергілікті халықты медиен қу далаға ығыстырды.

Қазақ жерін молынан қарпып қалуға тырысқан екі империя: «1881 жылы Ресеймен Петерборда келісім жасалып, Құлжа шаһары Қытайға берілді... 1882 жылы консул Балкашин келіп түсті» [1, 145 б.]. Құлжадағы Орыс консулы Балкашин мен Қытайдың аймақ ұлығы Чилун амбының арасында келіссөздер жүргізілу нәтижесінде Емілді ел жайлаған ел 1883 жылғы Қытай – Ресей Құлжа келісіміне сай қаққа жарылды. Осындай халық басына түскен қайғының куәгері болған Әсет ақын өзінің «Болыстарға» атты өлеңінде қытай жеріндегі қазақтардың да, орыс жеріндегі қазақтардың ата қонысынан айырылуын:

«Қалдырып Тарбағатай – Күре жолын
Емілдің ауыз салды ағынына

Емілдің бөлік түссе өзегіне

Түбінде жайсыз болар өз еліңе» [2, 151 б.], - деп өз дәуірінің тыныс-тіршілігін таныта жырға қосады.

Сол дәуірдегі қытай және орыс отаршыларының екіге бөлінген алашқа жасаған зорлық-зомбылығын қазақ ақындары жырларына тапырықтық өзек етті. М. Көпеев сол дәуірдегі өзекті өртер оқиганы «Сарыарқаның кімдікі екені» өлеңінде:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,

Өзінің болған емес кесірінен.

Жер – мүлкі шаруаның қызықты еді,

Қойынында құшақтаған жесірінен [3]

– деп, орыс отаршылдығы кесірінен ел басына түскен ауыртпашылықты барынша

ашып көрсетеді. Осы азаттыққа ұмытылу арманын өзек еткен жалынды жырлар Ә. Найманбайұлының жаңадан табылып жатқан өлеңдерінің идеялық темір қазығы болып табылады.

Қазақтың жерін алумен шектелмеген патша үкіметі енді алаштың рухани мәйегі болып табылатын исламға да қол сала бастады. Ресей империясының осы діни экспанциясы қазақ ағартушылығының екінші кезеңінің өмірге келуіне себепші болды. Соның нәтижесінде, қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық ағым кең өркен жайып, ақындар ел арасына өздерінің үгіт-насихаттарын өлеңмен өрнектеп жүргізе бастады. Осы топтың арасынан Ә. Найманбайұлы да өзінің діни-ағартушылық орнын тапты.

Зерттеу әдістері. Мақалада Әсет ақынның жұмбақ өлеңдерінің тақырыптық-жанрлық ерекшеліктерін зерделеуде салыстыру, талдау (анализ) әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін аналитикалық жүйелеу әдісі қолданылды.

Негізгі бөлім. Сол дәуірдегі діни-уағызшыл ақындардың қилынша әдеби ізденістері қазақ қаламгерінің насихаттық терме, жыр жанрларындағы афоризмдік алтын антологиясын қалыптастырды. Әсеттің мақалдай жаталатын ұлағатты сөздері ел есінде «Надандық көзге шел», «Азаппен құмнан арқан есілмейді» түрінде мәңгіге сақталып қалды.

Батыста осындай өздеріне тән емес, осы жанр турасында неміс ақыны, әрі әдебиеттанушысы И.Р. Бехер: «Дидактическая ...поэзия есть и будет чем-то средним между поэзией и риторикой ...» [4, 191 с.] – десе, Гёте: «...дидактическая поэзия ценится из-за своей популярности;каждый талантливый поэт должен считать для себя честь внести свой

вклад в популяризацию чего-то полезного», – дейді [4, 191-192 бб.].

Түркі жазба дидактикалық поэзиясының лирикалық жанры – философиялық өлең. Қазақ поэзиясында бұл жанр терме, толғау, жыр түрінде айтылып келсе, Абай өмір сүрген дәуірде қазақ ағартушылық әдебиетінің II кезеңінің дүниеге келуіне орай поэзияда шағын да, шымыр өлең жанры өз өміршеңдігін танытты. Сол кезеңдегі әдбиетке араласқан ақындар қазақ лирикасындағы отаршылдыққа қарсы ойлары мен халық мінін түзеуге табылмайтын жауынгер поэтикалық түр дидактикалық мазмұндағы өлеңдерді тудырды.

Әсет сынды Абайдың ақын шәкірттері ауыз әдебиеті жанрын емес, өздеріне дейін талай әдеби сүзгіден өткен бағзы түркілік әдеби жанрды өз дәуіріндегі өмір шындығы мен адам тағдырына қатысты поэзия тілінде тақырыптық, идеялық және мазмұндық жағынан жаңаша кестелеп отырды. Фольклордан үйренді деген біржақтылықтан арылып, қай жерінде дәстүрлі әдеби иірімдерге жүгінген, қай жерінде одан қол үзгенін айырып барып қана пікір білдіргеніміз орынды. Ақынның «Ақыл жауы» өлеңінде:

Надандық көзге шел боп қаптады

Надандық досты жауға таптады

Надандық бауыр етті жегізеді

Сұмдықты ұлылық деп мақтады [2, 20 б.] –

деген өлең тармақтарында ақын Шығыстық тәлімгерлік пен фольклорлық нақышты өлең жолы бойына ұштастырып, жыраулар мәнерімен философиялық ой толғап, өз дәуіріндегі әділетсіздік себеп-салдарын ашып көрсете алған. Гибарттық ойлар Ақынның «Әсет өлеңдерінен» атты топтамадағы

Арасын білім бұлдап асылдайтын,

Көңілімнің айтпай кірі ашыла ма.

Аяққа алтын қор боп басыла ма,

Екеуі бір қорада байланса да,

Арғымақ есекпенен қасына ма [5, 166 б.] деген салыстыра өрнектеулер ақынның талантына тағзым еткізеді. Философиялық поэзия қазақ азаматтық лирикасының тақырыптық жағынан өрістей дамуына

елеулі үлес қосты. Онда насихаттық мазмұн мен азаматтық рух қосыла өріліп, сол дәуірдің реалды өмір шындығын ақындардың өз халқына танытатын өрпафосты жырмен күлтеленген асқақ жанрға айналды. Осы жанр Әсеттің ақындығын дүйім жұртқа танытты, әрі әдебиет тарихындағы алар орнын айқындап бере алды. Ақын өзінің «Асыл-жасық» деген өлеңінде сөз жауһарын төмендегідей төгілтеді:

Жігіттер, асыл қандай, жасық қандай,

Ер қандай, есер қандай, пасық қандай

Жаныңа жан жуымас шірік болсаң

Бір нәжіс дүниені сасытқандай [2, 53 б.]

Ақынның жас ерекшелігі тақырыбын қозғаған «Отыздағы ой» атты өлеңінен өмір туралы толғанысын аңғарамыз. Онда:

Балалық байқағанға базар екен

Ұлғайсаң өкініш көп табады екен

Кеше бала ем келіппін талай жасқа

Өмірдің өту жолы ғажап екен [2, 39 б.]

– деп ақын өзінің өткеніне байыппен көз жібереді.

Әсеттің дидактикалық поэзиясы турасындағы зерттеуші С. Қожағұлдың: «Әсет ақын – XX ғасыр басындағы қазақ ақындарына тән демократтық-ағартушылық ағымдағы ойларын, діни-дидактикалық уағыздарын өлеңмен өрген ақын» [6, 5 б.], – деген пікірі Әсеттің шығармашылық ғұмырында дидактикалық поэзияның ерекше орнын алғанын аңғартады. Оған ақынның «Сейіт ешенге», «Шылбыға хат» атты өлеңдері куә болып тұрғандай:

Абай айналасындағы ақындардың шығармашылығы туралы сөз етілген М. Сильченконың «XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар мен үрдістер туралы» деген баяндамасында: «Абая и его ближайших и более отдаленных по времени последователей объединяло уже то, что они вносили в литературный процесс новое восприятие действительности, расходившееся с нравственно-дидактической, религиозно-мистической, буржуазно-националистической, служившей феодальным верхам литературой» [7, 123 с.], – деген ғалымның әлі өз маңызын

жоймаған пікірі Абай шәкірттерінің қилы тақырып пен жанрлардағы ізденісін паш етеді. Бұрын әдебиет зерттеушілері үшін мүлдем жабық тақырып болып саналатын діни-тәлімгерлік, діни-ағартушылық ағымдарының ірі өкілдерінің әдеби мұрасын зерттеуге қойылған ғылыми табу алынғаннан кейін, Ә. Найманбайұлының діни тақырыпқа арналып жазылған туындыларын жаппай жарыққа шығаруға, қалың елі қазағына танытуға мүмкіндік туды. Әсеттің ислам дінін жырлауда: «Атыңнан айналайын пайғамбарлар» дей келе қырық шілтен, Ыдырыс, Ғайса атауларын тілге тиек ете келіп, деп, өзінің ұлт жанындағы өміршеңдігін танытып, діни сауатын жаңа қырынан танытып отыр. 1911 жылы мамыр айында Шәуешек қаласындағы Мырауыт деген бай саудагер Әсетті қонаққа шақырып, оның өнерін естуге ентелеген жұрттан ақша-мал жинап алуға арамдықпен сұқтанып, есікке адам қояды, мұны сезген Әсет:

Дүние жолдас бола ма адамдарға
Не қажет айтып айтпай надандарға
Байлығын өлеңменен өндемек пе?
Бұл сырды ашпай болмас жарандарға!
Бай екем байлығына тоймаған ба,
Не жетсін өнер қуып ойлағанға
«Еңбексіз бақыт таңы атпас» – деген.

«Алуды» әмір шашып қоймаған ба?! – деп жұғыны кепкен тоймас аранға зілді тойтарыс жасайды. Сонда дін жалауын жамылғы еткен сұрқия Ешен хазірет ортаға араласып: ән шырқап, өлең айту күнә, бұл жын ойнақ шайтанның ісі, Әсетті жазалау керек, – деп даурығыпты. Сонда, әнші, ақын Әсет мұны да от қамшысынмен былай осықпай:

Өлең бір дөңгеленген майда жорға
Қисыны қиуласар әрең зорға.
Аллаға күпірлік іс істемедім
Қалайша келе мені тарттың сотқа?! –
деп, риторикалық сауал қойып, оған өзі өлеңмен жауап береді.

Әсеттің көп арнаулары Ешен хазіретпен байланысты. Әсеттің хазіретке арнаған соңғы арнауының тарихын жеткізген. 1992 жылы 78 жасқа келген Наурызхан ақсақал. Арнау 10 тармақтан тұратын Аллаға мадақ түрінде жазылған

«Алла бір, алла жалғыз, алла дана» деген арнау жолдарынан кейін хазірет Әсеттің кеп қолын сүйіпті. Әсет діни сауатты болумен қатар, сал-серілік философияныда өмір салтына сіңірген сан қырлы талант иесі болғандықтан, оның осы екі рухани және эстетикалық салалардың ара-жіктерін еш бөлмей, тәңірдің сыйы өнерді мұсылмандық дүниетанымның шеңберінен тыс қалдырмай құстың қос қанатындай қосылта өрілтеді.

Мұсылман дінінің нәр алар қайнар көзі Құран Кәрім екендігі белгілі. Сол кітаптың өзінде бірнеше жұмбақ аят берілген. Мысалы, Құран кітаптағы Бақар сүресі «Әлиф Ләм Мим» деп басталады. Немесе, осында «Әлиф Ләм Ро», «Әлиф Ләм Мим Сад», «Кәф Хә Ия Айн Сад» т.б аяттар бар. Жалпы алғанда, жиырма тоғыз әріптің он төрті жиырма сегіз сүренің алғашқы аятын құрайды.

Осындай әліпбидегі әріптерді қолданып өлең шығару үрдісі мұсылман елдеріне кең жайылған. Бұлайша жырлау түркі әдебиетіне Әлішер Науаи есімімен тығыз байланысты. Маңайындағы заттар мен құбылыстарды әріппен жұмбақтай өрнектеу мұсылман әлемінде ақындық шеберлікке баланған. Зерттеуші ғалым Есмағамбет Ысмайылов: «Өлең түрінің жаңалығы оның сыртқы үлгілерінің (графикасының) өзгеруінде ғана емес, өлеңнің ырғақ,екпін заңдарының өзгеруінде» [8, 4 б.], – дейді. Әбжад ілімінің, әріппен түрлі жайттарды жұмбақтау қазақ әдебиетінің қарыштап дамуына көп септігін тигізді. Сол кезеңде медреседе оқып жүрген шәкірттердің барлығы «әбжад қисабын» білу міндеттелген болатын. Әбжад саны бойынша – арабтың 28 әріптерін жаттауға қолайлы етіп алдын ала топтастырып, құрастырылып жиырма сегіз сөздің тізбегі» [9, 160 б.]. Молданың алдын көріп, тәлімін алған Әсетте әбжад ілімін қолданып, өзінің «Құрбан қажыға жазылған хат» өлеңінде төмендегідей жыр жолын өрнектеді:

Басы әліп аяғы ти болсын тәмам,

Қол қойдым инаутпен аяғына [2, 84 б.], – деп өзінің Әсет деген есімін хат соңында жасырады. Оған дейін бұндай әдеби үрдісті ақынның ұстазы Абай алғашқы кезеңдері жазған Әлифдек ай

йүзіне ғибрат еттім деп басталатын өлеңінде сұлу қыздың сән-салтанатын суреттеуде араб әріптерін пайдаланғаны белгілі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ ақындары бұрынғыдай ауыз әдебиетінің жетегінде кетпей фольклор мұраларын өз беттерінше игерді. Ақындар өз қызығушылығын танытып, жаппай игерген халық мұраларының бірі – жұмбақтар еді.

Ауыз әдебиетінің ауқымды бір саласы - жұмбақ жайлы өз зерттеуінде фольклортанушы Ш. Керім жұмбақтың даму жолдары мен өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала келе «қара сөзбен айтылатын жұмбақтар», «жұмбақ ертегілер», «өлеңмен айтылатын жұмбақ ертегілер», «жұмбақ айтыстар», «жұмбақпен айтылатын шешендік сөздер», «диалогқа құрылған сұрау, арнау түріндегі жұмбақтар» және «есеп жұмбақтар» деп жеті топқа бөліп қарастырады [9, 22 б.].

Өз кезегінде З. Ахметов халық мақалдары мен жұмбақтарының ырғақты сөйлеудің ерекше формасы екендігін баса атап көрсетеді. Ол: жұмбақтардың қарапайым, ырғақтық түрі жағынан еркін өлең формасына жататындығын анықтап көрсетіп береді [10, 210 б.]. Шағын фольклор жанрларының, оның ішінде жұмбақтың поэтикалық табиғатын ашып көрсетеді. Әрі оның ырғақтылыққа құрылған формалық жағын қарастырар болсақ, оның қазақтың құдіретті қара өлеңімен бітісе, бірге қайнасқанын аңғарамыз. Тап осы жағы өлең өлкесіне барлау жасаған Әсетпен тұстас ақындарды қызықтырып, өзіне ынтық етті.

Жұмбақтардың басқа әдеби жанрлармен қатынасы турасында сөз етер болсақ, жұмбақ пен өлең арасындағы қатынасты алдымен ауызға алар едік. Ең бастысы «өлең түріндегі жұмбақтар негізінен қара өлең түрінде ұшырайды. Қара өлең әнмен, белгілі бір сөзбен айтылады. Демек синкреттік сипатқа ие» [9, 159 б.].

Ақынның Меккедегі ағаштың бұтақтарындағы отыз-отыздан тізілген жапырақтарын тұспалдай ақ қағаздағы жазуды жасыруынан мұсылман

дүниетанымына тән ұғым түсініктердің қара өлеңмен кестелініп тұрғанын аңғарамыз.

Осы жанрдың өлеңмен біте қайнасқан кіндіктестігі діни жұмбақ өлең шығару үрдісін өмірге келді. Өз заманында орын алып жатқан осындай шығармашылық құбылысқа Әсетте ат салысып өзінің жұмбақтарын шығарып, ел арасына таратты. Бұл арада Әсет өлеңмен:

Туа жалғыз едім өсе келе үшеу болдым
Екеуі тыр жалаңаш, біреуінің киімі
жоқ

Онан үш балық көрдім
Екеуі өліп жатыр, біреуінің жаны жоқ
Онан үш қазан көрдім
Екеуі жарылып жатыр біреуінің дымы
да жоқ

Онан бір үйге кіріп бардым
Есігі бар төрі жоқ
Жабдығынан шығып кетіпшін
Есігі ойымда жоқ.

деп жұмбақтаған, ал М. Көпейұлы қара сөзбен осы жұмбақты «үш бала», «үш көл», «үш үй», «үш қазан», «үш пышақ» деп жасырып, Әсет өлеңмен тұспалдап көрсеткен «есігі бар төрі жоқ, жабдығынан шығып кетіпшін, есігі ойда жоқ» жолдарын Мәшһүр Жүсіп «шиі жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда жоқ» деп қарасөзбен келтіріп, шешімін өлім жолымен байланыстырады. Ол өлген адам отырған үйінің жабдығынан еріксіз шығып кетуімен тең деп көрсетеді [11, 319-320 бб.]. Екі қаламгердің ауыз әдебиетіндегі жұмбақ жанрын екі қырынан бірі – поэзиялық, екіншісі – прозалық жағынан игергендігін аңғарамыз.

Қорытынды. Қаламгерлер діни-ағартушылық ағым аясындағы тәлімгерліктерін фольклор жанры жұмбаққа рухани-эстетикалық жүк арту арқылы атқарып отыр. Исламның негізгі қағидалары мен шарттары өзек болған бұндай діни жұмбақ өлеңді сол дәуірде ақындардың ақыны ғана шығара алған.

Әсетті тек діни жұмбақтар ғана шығарушы десек, онда оның осы фольклорлық жанрды шығармашылықпен игерудегі рөлін кемсітіп алар едік. Әсет сияқты сөз дүлдүлдері діни тақырыпқа арналған

жұмбақтар шығарумен ғана шектеліп қойған жоқ. Өмір мен қоғамның әр саласындағы құбылыстарды өлеңмен жасырды.

Әсет өмір сүрген дәуірдің қолына қалам ұстаған ақын, сал-серілері осы

фольклорлық жанрды жазба әдебиеті жанрына айналдырып, қазақ поэзиясының бір саласына айналуына үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
2. Әсет шығармалары. Шығармалар жинағы. Өлеңдер мен толғаулар, әндер, айтыстар, қиссалар мен дастандар. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2000. – 2 т. – 601 б.
3. Көпеев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 1 т. – 224 б.
4. Бехер И.-Р. Поэтическое вероисповедание на стороне Мёрике // О литературе и искусстве. – М.: Художественная литература, 1981. – С. 527.
5. Игенұлы А. Әсеттің белгісіз өлеңдері // Жұлдыз. – 1994. – №1. – 152-168 бб.
6. Қожағұл С. Әсет ақын. – Алматы: Қазақ тарихы, 2003. – 144 б.
7. Сильченко М. Об основных тенденциях и направлении казахской литературы 80-90 годов XIX века. / Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: ҚазССРҒА, 1961. – 120-122 бб.
8. Ысмайылов Е. Абайдың өлең құрылысы туралы // Социалистік Қазақстан. – 1945. – 12 тамыз.
9. Керім Ш. Қазақ фольклорындағы жұмбақ жанры. филол. ғыл. док. дис: 10.01.09. – Алматы: Қ.А. Ясауи ат. Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, 2000. – 254 б.
10. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
11. Көпеев М. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Дәуір, 2001. – 2т. – 238 б.

References:

1. Halid Q. Tauarih hamsa. – Almaty: Qazaqstan, 1992. – 304 b.
2. Äset şyğarmalary. Şyğarmalar jinağy. Öleñder men tolğaular, änder, aitystar, qissalar men dastandar. – Beijiñ: Ülttar baspasy, 2000. – 2 t. – 601 b.
3. Köpееv M. Şyğarmalar jinağy. – Almaty: Ğylym, 1992. – 1 t. – 224 b.
4. Beher İ.-R. Poeticheskoe veroispovedanie na storone Mörіke // O literature i iskustve. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1981. – S. 527.
5. İgenüly A. Äsettiñ belgisiz öleñderi // Jüldyz. – 1994. – №1. – 152-168 bb.
6. Qojağül S. Äset aqyn. – Almaty: Qazaq tarihy, 2003. – 144 b.
7. Silchenko M. Ob osnovnyh tendensiah i napravlenii kazahskoi literatury 80-90 godov XIX veka. / Ädebi mұra және ony zertteu. Qazaq ädebiетiñiñ negizgi problemalaryna arnalğan ğylymi-teorialyq konferensianyñ materialdary. – Almaty: QazSSRĜA, 1961. – 120-122 bb.
8. Ysmaiyllov E. Abaidyñ öleñ құrylysy turaly // Sosialistik Qazaqstan. – 1945. – 12 тамыз.
9. Kerim Ş. Qazaq fөлkloryndağy jұmbaq janry. filol. ğyl. dok. dis: 0.01.09. – Almaty: Q.A. İsaui at. Halyqaralyq Qazaq-Türk universiteti, 2000. – 254 b.
10. Ahmetov Z. Abaidyñ aqyndyq әlemi. – Almaty: Ana tılı, 1995. – 272 b.
11. Köpееv M. Tört tomdyq şyğarmalar jinağy. – Almaty: Däur, 2001. – 2t. – 238 b.

Автор туралы мәлімет:

Аитова Жанар Жумабековна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей, 15-18-146

Ұялы.тел: 8-775-258-02-52

email: aitova_1@mail.ru

Сведения об авторе:

Аитова Жанар Жумабековна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, Семей, 15-18-146

Сот.тел: 8-775-258-02-52

e-mail: aitova_1@mail.ru

Information about the author:

Aitova Zhanar Zhumabekovna

«ОУШЫЛ» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ, №3 (3), 2025

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University
Mailingaddress: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey,
Mob.phone: 8-775-258-02-52
e-mail: aitova_1@mail.ru